

**"Зерттеу өрт сынақ зертханалардың қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ішкі министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 510 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 29 шілдедегі № 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 5 тамызда № 36575 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Зерттеу өрт сынақ зертханалардың қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 510 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15540 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 71) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Зерттеу өрт сынақ зертханалардың қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы қағидалар (бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі аумақтық органдарының зерттеу өрт сынақ зертханалары (бұдан әрі – ЗӨСЗ) қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды."

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов